



Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің
2020 жылғы «21» желтоқсан
№341 қаулысымен бекітілді

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АДІЛЕТ МІНІСТРЛІГІНІҢ
СӨЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РММ

20 20 ж. « 21 » желтоқсан

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 300410000509

АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ
1996 ж. « 02 » шілде

**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім
бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Д.М. Карбышев атындағы
№ 40 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

Петропавл қаласы, 2020 жылы

1. Жалпы ережелер

1. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Д.М. Карбышев атындағы № 40 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі мәтін бойынша – коммуналдық мемлекеттік мекеме) білім беру қызметтерін іске асыру үшін ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеме түрі: коммуналдық.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Петропавл қаласы әкімдігінің 1996 жылғы 22 сәуірдегі № 54 қаулысы негізінде құрылды.

4. Құрылтайшысы «Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - құрылтайшы) болып табылады. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы

150011 Солтүстік Қазақстан облысы

Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 58

БСН 950540000460

5. Коммуналдық мемлекеттік мекемені мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы, сондай-ақ оған қатысты коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып табылады.

6. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мемлекеттік тілдегі толық атауы: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Д.М. Карбышев атындағы № 40 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Орыс тілінде: коммунальное государственное учреждение «Средняя школа № 40 имени Д.М. Карбышева» коммунального государственного учреждения «Отдел образования города Петропавловска» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо – Казахстанской области».

7. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің орналасу орны:

Қазақстан Республикасы

150007, Солтүстік Қазақстан облысы

Петропавл қаласы, Б.Петров көшесі, 44

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Д.М. Карбышев атындағы № 40 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

2. Коммуналық мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

8. Коммуналдық мемлекеттік мекеме ол мемлекеттік тіркелген сәттен бастап құрылды деп танылады және заңды тұлғаның құқығына ие болады.

9. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес банкте шоты, дербес теңгерімі, коммуналдық мемлекеттік мекеме атауы және бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнесімен мөрлері, бланктері болады.

10. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өз кепілдігіндегі ақшалармен өз міндеттері бойынша жауап береді. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

11. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

12. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

13. Мекеменің білім беру қызметі, білім мекемесіне лицензия берілген күннен бастап жүзеге асады.

13.1. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы «Алғашқы әскери дайындық бойынша оқыту орталығы» өзінің оқу жұмысын атқарады.

13.2. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар оқушыларға арналған Ресурстық орталық өз қызмет

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

14. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру болып табылады. Жаратылыстану-математикалық цикл бағыты бойынша.

15. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

16. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау;
- 2) құзыретті тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын игеру арқылы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау;
- 3) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген ғылымның базистік негіздерін алуын қамтамасыз ету;
- 4) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды олардың ақыл-ой қабілеттері мен денсаулық жағдайын ескере отырып оқыту;
- 5) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

6) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны — Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

7) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

8) отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне баулу, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа ұлттардың тарихын, салт-дәстүрлерін зерделеу;

9) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;

10) мемлекеттік, орыс және шет тілдерін меңгеру;

11) оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану;

12) теңгерімде тұрған объектілерді күтіп-ұстау, қызмет көрсету және пайдалану жөніндегі шаруашылық қызметті жүзеге асыру;

13) іргелес инфрақұрылымды дамытуды қамтамасыз ету, материалдық-техникалық базаны нығайту;

14) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызметтер көрсету;

15) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) білім алуы үшін білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жағдайлар жасау;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыру.

17. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім беру қызметін мыналарға сәйкес жүзеге асырады:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына;

2) үлгілік оқу жоспарларына;

3) Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерімен белгіленген.

18. Оқу-тәрбие үдерісі орыс тілде іске асырылады.

Мекеме қазақ және орыс тілін білу және дамытуды қамтамасыз етеді, сондай-ақ, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттармен сәйкес шетел тілдерін оқытуды іске асырады.

19. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі білім беру мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және іске асырылатын жұмыс оқу бағдарламаларымен және оқу жоспарларымен айқындалады.

20. Білім алушылардың білімін ағымдағы бақылау, аралық және мемлекеттік қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізу нысандары мен тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес регламенттеледі және жүзеге асырылады.

21. Медициналық қызмет көрсетуді медицина қызметкері заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

22. Білім беру ұйымдарында білім алушылардың, тәрбиеленушілердің ауруларын болдырмау, денсаулығын нығайту, дене бітімін жетілдіру, салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі қажетті шаралардың орындалуы қамтамасыз етіледі.

23. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормалар, Денсаулық сақтау және білім беру органдарының оқу жоспарлары мен ұсынымдары негізінде дайындалған білім беру ұйымдары бекітетін ережелермен айқындалады.

24. Денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдары білім алушылардың, тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайына, оларға медициналық қызмет көрсетуге жүйелі бақылауды жүзеге асырады. Білім беру ұйымдары медициналық пункттер үшін үй-жайлар ұсынады.

25. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында білім беру ұйымдары білім алушылар мен тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшелер құруға құқылы.

26. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде тамақтандыруды ұйымдастыру мектеп асханасында ата-аналардың және жалпы білім беру қорының қаражаты (Мемлекеттік қызмет көрсету стандартында санамаланған білім алушылар мен тәрбиеленушілердің санаттарына сәйкес) және өзге де қаражат есебінен жүзеге асырылады.

27. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету жүзеге асырылады.

28. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құқықтары:

1) осы Жарғыға сәйкес құзыреті шегінде коммуналдық мемлекеттік мекемені ұсыну;

2) мемлекеттік атқарушы билік органдарынан, жергілікті өзін — өзі басқару органдарынан, кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан (олардың ұйымдық-құқықтық нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан) өз қызметінің түрі бойынша мәліметтерді, материалдар мен құжаттарды белгіленген тәртіппен сұрату және алу;

3) білім беру саласындағы қажетті мәселелерді шешу үшін уақытша және тұрақты жұмыс топтарын, комиссиялар мен басқа да ұжымдық органдар құру;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы білім бөліміне өтініш беру;

5) өзіне бекітілген мүлікті белгіленген тәртіппен және өз қызметінің мақсатына сәйкес иелену, пайдалану және оған билік ету;

6) жергілікті атқарушы органның келісімі бойынша өзінің негізгі қызметін жоспарлау және білім беру саласының дамуын айқындау;

7) теориялық және практикалық білімді, іскерлікті, дағдыларды жаңарту, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету мақсатында мекеме қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету.

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құқықтарды жүзеге асыру.

29. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын сақтауға, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік — құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Жарғыны орындауға міндетті;

2) Мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсетуді қамтамасыз ету;

3) Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы тұтынушыларды хабардар етуді қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді атқару;

30. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде бес жастан жеті жасқа дейінгі балаларды жан-жақты дамыту, баланы тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыруда олардың ата-аналарына консультациялық-әдістемелік қолдауды жүзеге асыру, балаларды әлеуметтік бейімдеу мақсатында мектепалды даярлық сыныптары құрылуы мүмкін.

Мектепалды даярлық сыныбы қызметінің тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен айқындалады.

31. Коммуналдық мемлекеттік мекеме жазғы кезеңде балалардың демалуына және сауықтырылуына жағдай жасайды.

32. Коммуналдық мемлекеттік мекемені және оның қызметкерлерін мемлекеттік аттестаттау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

33. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асырады.

34. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не директордың жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі білім бөлімінің, жергілікті атқарушы органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

35. Коммуналдық мемлекеттік мекеме директорының жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекеттері Еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және оған тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

36. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім, сондай-ақ, қосымша білім берудің жалпы білім алу бағдарламаларын іске асырады.

Жалпы білім беретін оқу бағдарламаларына оқушылардың бейіналды дайындығы және бейінді білім алуы кіреді.

37. Білім берудің сәйкесінше мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары негізінде жаңа жалпы білім беру бағдарламалары құрылады.

Сәйкесінше мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарынан тыс оқушылардың жалпы білім беру және мәдени қажеттігін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында қосымша білім беру бағдарламалары іске асырылады.

5. Оқушыларды қабылдау және мектепті бітіру тәртібі

38. Мекемеге қабылдау ҚМУ қызмет көрсету аумағында тұратын тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгі қағидаларымен анықталады.

39. Коммуналдық мемлекеттік мекемесіне оқуға қабылдау тәртібі барлық балаларды, оның ішінде білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағында тұратын ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қабылдауды қамтамасыз етеді. Тиісті үлгідегі оқу орындарына қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде жергілікті атқарушы органдар бекітетін қабылдау қағидаларында белгіленеді.

40. Оқыту үлгі нысанын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін Шарт негізінде жүзеге асырылады.

41. Білім алушылар қатарына қабылдау басшының бұйрығы негізінде жүргізіледі.

42. Қорытынды мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша орта мектеп түлектеріне белгіленген үлгідегі орта жалпы білім туралы аттестат беріледі. Қорытынды мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша негізгі орта мектеп түлектеріне негізгі орта білім туралы куәліктер беріледі.

43. Оқушыларды басқа білім беру ұйымдарына ауыстыру:

- 1) ата-анасының біреуінің (немесе заңды өкілдерінің) өтініші бойынша;
- 2) білім беру ұйымдарында одан әрі оқуды растайтын құжат негізінде.

6. Білім беру үрдісін ұйымдастыру тәртібі

44. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылымын мыналар құрайды:

- 1) әкімшілік-басқару қызметтері (директор және оның орынбасарлары);
- 2) педагогикалық кеңес (бұдан әрі – Кеңес), ата-аналар комитеті, пәндік мектеп әдістемелік бірлестіктері, қамқоршылық кеңес, түлектер қауымдастығы;
- 3) сынып - негізгі құрылымдық бірлік.

45. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі білім беру процесінің субъектілері тәрбиеленушілер, білім алушылар, педагог қызметкерлер, тәрбиеленушілердің, білім алушылардың ата-аналары немесе олардың өзге де заңды өкілдері болып табылады.

46. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, санитарлық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормалар, денсаулық сақтау және білім беру органдарының оқу жоспарлары мен ұсынымдары негізінде дайындалған білім беру ұйымдары бекітетін ережелермен айқындалады.

47. Оқу-тәрбие үрдісі қазақ және орыс тілдерінде жүзеге асырылады. Мекеме қазақ және орыс тілдерін білу мен дамытуды қамтамасыз етеді, сондай-ақ мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға сәйкес шет тілдерін оқытуды жүзеге асырады.

48. Мемлекеттік мекемедегі оқу-тәрбие үрдісі оқу жұмыс жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

49. Тұлғаның қажеттіліктері мен мүмкіндіктері, білім алу, оқытудың қолжетерлігіне жағдай жасалуы ескеріліп, білім алу оқу бағдарламаларының мазмұнына байланысты күндізгі нысанда және даму мүмкіндіктері шектелген балалар үшін арақашықтық нысанда жүзеге асырылады.

50. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі сыныптың орташа толымдылығы және топтарға бөлінуі білім беру процесін ұйымдастырудың нормативтік құжаттарына сәйкес айқындалады.

51. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде мынадай режим белгіленеді: оқу сабақтары сегіз сағаттан ерте басталмайды және 2 ауысымда өтеді. Сабақтардың, сабақтар мен үзілістердің ұзақтығы санитариялық қағидалардың және білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының талаптарына сәйкес белгіленеді.

52. Оқу жылының ұзақтығын, оның басталуы мен аяқталуын, демалыс мерзімдерін уәкілетті орган айқындайды.

53. Оқу жылы аяқталған соң үш жақты келісім бойынша (педагогикалық кеңестің шешімі, ата-аналар комитеті мен оқушыларды өзін-өзі басқару ұйымы шешімі) бойынша 5-8, 10 сынып оқушылары мектептің маңы мен алаңдарын көгалдандыру бойынша жазғы қоғамдық-пайдалы еңбек тәжірибесінен өтеді. Қоғамдық – пайдалы еңбектенуге арналған сағат саны педагогикалық кеңес шешімімен бекітіледі.

54. Мекемені алқалық басқаруды педагогикалық және қамқорлық кеңестері жүзеге асырады.

55. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге физикалық, моральдық, психикалық күш көрсету әрекеттерін қолдануға жол берілмейді.

56. Мекемеде оқу үрдісі барысында оқушылар мен мектеп қызметкерлеріне алғашқы медициналық-санитарлық (дәрігерлікке дейінгі) көмек көрсетіледі.

57. Мектепте саяси партиялар, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстар мен ұйымдар құруға және қызметіне рұқсат етілмейді.

7. Білімді ағымдағы бақылау, білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі

58. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асырушы, білім беру ұйымдарында үлгерімді ағымдағы бақылаудың, білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттаудың Үлгілік қағидалары негізінде білімді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізіледі.

59. Негізгі орта білім бердің білім алу оқу бағдарламаларын меңгерілуі білім алушылардың міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

60. Сыныптан сыныпқа көшіру коммуналдық мемлекеттік мекеме бойынша жыл сайынғы бұйрықтың негізінде үлгерім, емтихандар, қорытынды бағалар нәтижелері бойынша Педагогикалық кеңестің шешімімен жүргізіледі.

61. Білім берудің негізгі орта және жалпы орта деңгейлерінде оқу кезеңінде МЖМБС-ға сәйкес оқу жоспарының барлық пәндері бойынша үлгілі мінез-құлық, жылдық, емтихан, қорытынды «бес» бағаларын көрсеткен білім алушыларға аттестат және «Алтын белгі» төсбелгісі тапсырылады.

62. Жалпы орта білім деңгейінде оқу кезеңінде МЖМБС-ға сәйкес оқу жоспарының барлық пәндері бойынша үлгілі мінез-құлық, жылдық, емтихан, қорытынды «бес» бағаларын көрсеткен білім алушыларға жалпы орта білім туралы «үздік» аттестат тапсырылады.

8. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді шығару негіздері мен тәртібі

63. Он алты жасқа дейінгі балаларды мемлекеттік орта білім беру ұйымдарынан шығаруға құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру ұйымын мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі.

Бұндай шешімдер үшін негіздеме болып табылады:

– коммуналдық мемлекеттік мекеменің Жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзу;

– жеке тұлғаға жеке, моральдық, рухани, материалдық қол сұғылмаушылық ұстанымдарына мән бермеу;

– мемлекеттік мекеменің ар-намысын қорлау;

коммуналдық мемлекеттік мекемеде шылым шегу, спиртті ішімдіктер және есірткі заттарын қолдану.

63.1 Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншылық және қамқоршылық органдарының келісімімен қабылданады.

63.2 Пробация қызметінің есебінде тұрған кәмелетке толмағандарды мемлекеттік орта білім беру ұйымдарынан шығару туралы шешім пробация қызметінің келісімімен қабылданады.

9. Білім беру ұйымының білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі

64. Білім беру ұйымдары мен ата-аналар (өзге де заңды өкілдер) арасындағы өзара қарым-қатынастарды реттеу мақсатында ҚР нормативтік құқықтық актілерінің негізінде білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шарты ресімделеді

65. Шарт тараптардың құқықтары мен міндеттерін белгілей отырып, білім беру ұйымы мен ата-ана (заңды өкіл) арасындағы өзара қарым-қатынастарды, сондай-ақ білім алушыны (тәрбиеленушіні) тәрбиелеу мен оқыту үшін өзара жауапкершілік тетігін реттейді.

66. Осы Шартта көзделген өз міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

67. Осы Шартты орындау процесінде туындайтын келіспеушіліктер мен дауларды тараптар өзара қолайлы шешімдерді әзірлеу мақсатында тікелей шешеді.

68. Тараптар келіссөздер, өзара қолайлы шешімдер әзірлеу жолымен шешпеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

10. Мектеп оқушыларының құқықтары, міндеттерімен жауапкершілігі

69. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі оқушылардың:

1) мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) білім алу нысанын таңдауға;

3) мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары аясында білім беру кеңесінің шешімімен қысқартылған білім бағдарламалары, жекелеп оқыту жоспарлары бойынша оқуға;

4) өзінің қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сәйкес қосымша (оның ішінде ақылы) білім алуға;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер және оқу-әдістемелік құралдармен ақысыз қамтамасыз етілуге;

6) спорт, оқу, мәжіліс залдарымен, компьютер сыныптары мен кітапханаларымен тегін пайдалануға;

7) адам абыройын қадірлеуге, ар-ұят және ақпарат еркіндігіне, өз пікірі мен көзқарасын еркін білдіруге;

8) бір оқу орнынан басқасына, бір білім алу нысанынан басқасына ауысуға және қайта келуге;

9) білім беру бағдарламасымен көзделмеген еңбекке ерікті түрде тартылуға;

10) қоғамдық ұйымдарға еркін кіруге;

11) физикалық және психологиялық күш қолданудан қорғалуға;

12) оқудағы, ғылым мен шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге және марапатталуға;

13) білім мекемесін басқаруға қатысуға құқықтары бар.

70. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі оқушылар:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарына сәйкес білімді, іскерлікті, машық дағдыларды меңгеруге;

2) ішкі тәртіп ережелерін, білім ұйымының жарғысымен көзделген басқа да талаптарды сақтауға;

3) педагогикалық қызметкерлердің, басқа білім алушылардың арнамысын, абыройын, өздері оқитын оқу орнының дәстүрлерін сыйлауға;

4) білім мекемесінің арнайы белгіленген мектеп формасының үлгісі мынадай:

ер балаларға арналған мектеп формасы: жилет көк түсті торлы галстук,

қара түсті классикалық шалбар, мерекелік ақ түсті жейде, күнделікті киетін

көгілдір түсті көйлек;

қыздарға арналған мектеп формасы: жилет, белдемше, галстук көк түсті торлы, мерекелік ақ түсті жейде, күнделікті киетін жейде көгілдір түсті.

5) облыстық білім беру саласындағы уәкілетті органның белгіленген білім мекемесінің оқушылары мектеп формасы бойынша талаптарды міндетті орындауы тиіс.

70.1. Мектеп аумағында (сыныптарда, залдарда, дәліздерде және мектеп ғимаратының өзге де үй-жайларында), сондай-ақ мектеп ауласында және спорт кешенінде мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз оқушылар бейнетүсірілім жүргізбесін.

70.2. Оқу орнына тескіш-кескіш заттарды (пышақтар, қайшылар және т.б.), сондай-ақ тез тұтанатын заттарды (отшашулар, петардалар және т.б.) әкелуге тыйым салынады.

71. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білім, білік, практикалық дағдылар мен құзыреттерді меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, білім беру ұйымының жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

72. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер өз денсаулығына қамқорлық жасауға, рухани және дене бітімін жетілдіруге ұмтылуға міндетті.

11. Ата-аналар және оларды ауыстыратын өзге де тұлғалардың құқықтары мен міндеттері

73. Кәмелеттік жасқа толмаған балалардың ата-аналары және өзге де заңды өкілдері:

1) баланың тілегі, жеке қабілеттері мен ерекшеліктерін ескеріп, білім ұйымдарын таңдауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы мекемені басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) өз балаларының үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайларына қатысты толық ақпарат алуға;

4) балаларының келісім-шарт негізінде қосымша ақылы қызмет түрлерін алуға құқылы.

5) тәрбиесі төмен оқушылардың оқуы мен тәрбесі жөнінде мектептің психологиялық- медициналық- педагогикалық кеңесіне жүгініп олардан кеңес алуына болады.

74. Ата-аналар мен оның орнын жауапты заңды өкілдерге:

1) балаларға өмірі мен оқуы үшін сауатты және қауіпсіз жағдай жасауға, олардың интеллектуалды және физикалық күші, адамгершілік қалыптасуы дамуын қамтамасыз етуге;

2) одан әрі жалпы білім беретін мектепке орналастырумен балалардың мектепалды дайындығын қамтамасыз ету;

3) балаларды оқыту мен тәрбиелеуде мекемеге көмек беру;

4) білім ұйымының жарғысымен белгіленген ережелерді орындауға;

5) балаларының сабаққа келуін қамтамасыз етуге міндетті;

6) білім беру мекемесінде жұмыс атқаратын қызметкерлердің намысы мен абыройын қадірлеу;

7) облыстық білім беру саласындағы уәкілетті органның белгіленген білім мекемесінің оқушылары мектеп формасы бойынша талаптарды міндетті орындауы тиіс.

8) мектепке әкелуге тыйым салынған заттардың (өткір, сынғыш, жанғыш) болуы үшін жауап береді.

9) ата-аналар мен өзге де тұлғалар үшін рұқсат беру режимін шектеу: мектептің қауіпсіздігі, санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау мақсатында мектеп фойесінен әрі қарай өтпеу.

12. Педагогикалық қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері

75. Педагогикалық қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері осы жарғы және мекеменің ішкі тәртіп ережелерімен белгіленеді.

76. Педагогикалық қызметкердің құқылы:

1) кәсіби қызмет үшін жағдайларды қамтамасыз ете отырып, педагогикалық қызметпен айналысу;

2) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперимент жұмысымен айналысуға, педагогикалық тәжірибеге жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

3) жеке педагогикалық қызметке;

4) білім берудің тиісті деңгейіне сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарын сақтау жағдайында педагогикалық қызметті ұйымдастырудың амалдары мен түрлерін еркін таңдауға;

5) білім ұйымының алқалық басқару органдарының жұмысына қатысуға;

6) ұзақтығы төрт айдан аспайтын бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға;

7) мерзімінен бұрын санатын арттыру аттестаттаудан өтуге;

8) педагогикалық қызметіндегі табыстары үшін мемлекеттік награда, құрметті атақ, сыйақы мен атаулы стипендия түрінде моральді және материалдық көтермелеуге;

9) өзінің кәсіби абыройы мен намысы қорғалуға;

10) педагогикалық өтілі сақталуымен, ғылыми қызметпен айналысу үшін шығармашылық демалысқа;

11) білім ұйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдері жөнінде шағымдануға құқылы.

12) әскери қызметке шақыруды кейнге қалдыру;

13) білім беру мекемесінде оқытылатын оқушылардың және олардың ата-аналарының және олардың заңды тұлғаларының намысы мен абыройын қадірлеу;

77. Педагогикалық қызметкер міндетті:

1) өзінің кәсіби құзыреті саласында тиісті теориялық және тәжірибелік білім мен дағдыларға ие болуға;

2) мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;

3) оқушылардың тіршілік дағдыларын, құзыретін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;

4) өзінің кәсіби шеберлігін, интеллекталды, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіруге;

5) кемінде бес жылда бір рет аттестаттаудан өтуге;

6) педагогикалық этика талаптарын сақтауға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жыл сайын медициналық тексерістен өтуге;

8) оқушылардың және олардың ата-аналарының ар-намысы мен абыройын қадірлеуге міндетті;

9) өз ата-анасын қадірлейтін, адамгершілігі мол, қоршаған ортаның мәдени құндылықтарын қадірлейтін, өз тәрбиесін жақсы жағынан көрсете білетін оқушыны тәрбиелеу;

10) еңбек шартының барлық тармақтарын орындау;

11) материалдық-техникалық базаның сақталуына жауапты болу;

12) жарғыны және өзге де нормативтік актілерді орындауға;

13) балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау;

14) баланы дене және психикалық зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінен қорғау;

15) баланы тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша отбасымен ынтымақтасу;

16) қалалық, облыстық және республикалық ауқымдағы мемлекеттік мекемелердің іс-шараларына белсенді қатысу.

78. Педагогикалық этика міндеттері мен нормаларын бұзғаны үшін педагогикалық қызметкер Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жауапкершілікке тартыруы мүмкін.

79. Педагогикалық қызметкер Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделгенінен басқа жағдайларда өзінің кәсіби міндеттерін орындаумен байланысты емес жұмыс түрлеріне қатыстырылмайды.

80. Білім ұйымдарында жұмысқа қабылдағанда медициналық тұжырымдамасында жұмысқа қарсы дәйектемесі бар тұлғалар жіберілмейді, сонымен қатар психоневрологиялық және наркологиялық диспансерден анықтамасында жұмысқа қарсы дәйектемесі бар, Қазақстан

Республикасының Еңбек кодексінің белгіленген қағидаларымен шектелсе тұлғалар жұмысқа жіберілмейді

81. Педагогикалық қызметкерлерге оқу үрдісін саяси үгіттеу, діни насихат немесе оқушыларды Қазақстан Республикасы Коснтитуциясы мен Қазақстан Республикасы заңнамасына қарама-қайшы әрекеттер жасауға итермелеу мақсатында пайдалануға тыйым салынады.

13. Ақылы қызметтер тізбесі және көрсетілу тәртібі

82. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім алушыларға білім беру қызметтерін бюджеттік қаражат есебінен тегін жүргізеді.

83. Шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік мекемеге тыйым салынады:

1) білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты шеңберінде ақылы негізде білім беру қызметтерін көрсетуге міндетті; білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты шеңберінде ақылы негізде білім беру қызметтерін ұсыну;

2) оқушылар мен педагогтардан ақша алу

84.1. Коммуналдық мемлекеттік мекеме ақылы қызметтер көрсету туралы шарт жасай отырып, мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарынан тыс мынадай қызметтерді ақылы негізде ұсынуға құқылы:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру (балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен мүдделерді дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру);

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (пәндер және пәндер циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

3) пәндер (пәндер және пәндер циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп зерделеуді ұйымдастыру);

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагогтер және ересек тұрғындар арасында әртүрлі: спорттық жарыстар, семинарлар, кенестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу және іске асыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу; ;

5) музыкалық аспаптарды пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну арқылы жүзеге асырылады;

6) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, білім беру ұйымдарында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз ету;

7) энергия қондырғылары мен қазандықтар беретін жылу энергиясын босатуға;

8) оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының өнімдерін өндіруді және өткізуді ұйымдастыру;

9) ғылыми зерттеулер жүргізу.

84.2. Коммуналдық мемлекеттік мекеме дене шынықтыру-сауықтыру және спорт гимараттарын мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру жөніндегі

көрсетілетін қызметтерді ұсынуға құқылы). Мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруден алынған кірістерді коммуналдық мемлекеттік мекеме дербес пайдаланады

85. Мемлекеттік білім беру мекемелерінің ақылы негізде ұсынылатын тауарларының (жұмыстарының және көрсетілетін қызметтерінің) бағалары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады.

86. Ақылы негізде қызмет көрсететін білім беру ұйымының және білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының және өзге де заңды өкілдерінің өзара қарым-қатынастары шартпен реттеледі.

87. Білім алушы шарт жасасу кезінде оқудың барлық кезеңі үшін шығыстарды бір мезгілде төлеген жағдайда төлем сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгеріссіз болып табылады.

88. Оқуға кезең-кезеңімен ақы төлеу кезінде жалақы өскен жағдайда және инфляция индексі ескеріле отырып, ақы төлеу сомасы жылына бір реттен асырмай өзгертілуі мүмкін.

14. Коммуналдық мемлекеттік мекемені басқару тәртібі

89. Коммуналдық мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

90. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша мынадай қызметтерді жүзеге асырады:

- 1) коммуналдық мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітеді;
- 2) коммуналдық мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 3) коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуын бақылауын жүзеге асырады;
- 4) коммуналдық мемлекеттік мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;
- 6) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынап босату негіздерін айқындайды;
- 7) коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
- 8) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;
- 9) коммуналдық мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға, коммуналдық мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық

қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

10) коммуналдық мемлекеттік мекемелердің филиалдар мен өкілдіктер құруына келісімін береді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

91. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органмен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

92. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, уәкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

93. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысында айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

94. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметті жүзеге асыруы барысында коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) коммуналдық мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) коммуналдық мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың басқа да түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) уәкілетті орган тағайындайтын қызметкерлерден басқа, коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу шараларын қолданады және оларды жазалайды;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқа да басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес коммуналдық мемлекеттік мекемеде сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық

бұзушылықтар көріністеріне қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастырады және бақылауды қамтамасыз етеді;

12) ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етеді;

13) өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және уәкілетті органмен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

15. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

95. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкін заңды тұлғаның активтері құрайды, оның құны оның теңгерімінде көрсетіледі. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың есебінен қалыптастырылады:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

96. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

97. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен коммуналдық мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда білім беру саласындағы мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

98. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органы бюджетінен қаржыландырады.

99. Коммуналдық мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

100. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы органы) жүзеге асырады.

16. Коммуналдық мемлекеттік мекеме және мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органы, сәйкесінше саладағы уәкілетті органы, коммуналдық мемлекеттік мекеме әкімшілігі және еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас

101. Мекеме әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас қолданылып жүрген заңдарға сәйкес белгіленеді.

102. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган мен тиісті саладағы уәкілетті орган арасындағы өзара қарым-қатынастар қолданыстағы заңнамаға сәйкес құрылады.

103. Коммуналдық мемлекеттік мекеме оқыту құқығы директордың бұйрығымен кандидаттың бос орынға жазбаша өтініші негізінде беріледі.

Директордың өз пікірі бойынша біліктілік Мекеме талаптары деңгейіне сәйкес болмаса бас тартуға құқығы бар.

104. Коммуналдық мемлекеттік мекеме әкімшілігі жұмысқа қабылдау кезінде директор және қызметкер арасында жеке еңбек шартын жасауға құқылы, онда екі тараптың құқықтары мен міндеттері, қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметкердің еңбегін төлеу шарттары аталады, сондай-ақ өзара қатынасы еңбек заңнамасына сәйкес реттелетін шарт негізінде жалдамалы жұмысшыларды қатыстыруға құқылы.

17. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

105. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

18. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі құжаттар

106. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) шешімі бойынша жүргізіледі.

107. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

19. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

108. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

109. Коммуналдық мемлекеттік мекеме жойылған күннен бастап мекеменің мүлігін тарату реті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

110. Таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган не аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімімен және жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты қайта бөледі.

Таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы заңды тұлғаның кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

20. Қорытынды ережелер

III. Осы Жарғы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен сәтінен бастап күшіне енеді.

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Д.М. Карбышев атындағы № 40 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жетекшісі:

Мурзатаева Роза Аманжоловна
аты-жөні


КОЛЫ